

Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 450 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 тамызда № 15473 болып тіркелді.

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 96) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде бір данада оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін мерзімдік баспасөз басылымдарына және "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет – ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Зан қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмекті және санитариялық авиация нысанындағы медициналық көмекті көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № 365 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8576 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 қаңтарда "Егемен Қазақстан" № 8 (28232) газетінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л.М. Ақтаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

E. Біртанов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау
министрінің
2017 жылғы 3 шілдедегі
№ 450 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.01.2018 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 96) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кезек күттірмейтін медициналық көмек (бұдан әрі - ККМК) – пациенттің өміріне төнген қауіптің анық белгілері болмағанда, кенеттен болған қатты аурулар, жарақаттар кезіндегі, денсаулық жағдайы күрт нашарлаған, созылмалы аурулары асқынған кездегі медициналық көмек;

2) жедел медициналық көмек (бұдан әрі - ЖМК) – денсаулыққа келетін елеулі зиянды болдырмау (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін шұғыл және жедел медициналық көмекті талап ететін аурулар мен жай-күй туындаған кезде, сондай-ақ кейіннен транспланттау үшін ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) тасымалдау қажет болған кезде медициналық көмек ұсыну нысаны;

3) шұғыл медициналық көмек – кенеттен болған қатты аурулар, жарақаттар, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы, созылмалы аурулардың асқынуы кезіндегі денсаулыққа елеулі зиянды болдырмау немесе өмірге төнген қауіпті жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін медициналық көмек.

2-тaraу. Жедел медициналық көмек көрсету тәртіби

3. "Жедел медициналық көмек шақырту" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) жедел медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) "103" нөміріне қонырау соғады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жедел медициналық көмек шақырту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Азаматтардың денсаулық жағдайы бұзылған кезде ЖМКС диспетчері "103" пультінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес шақыруларды қабылдау, өндеу және беру алгоритміне сәйкес барлық шақыртуларды қабылдайды. Шақыртуларға жеделділік санаты бойынша іріктеу жүргізілетін, ЖМК диспетчері шақыртууды алған сэттен бастап қызмет көрсету үшін ЖМК бригадасына бергенге дейін шақыртууды өндеу уақыты бес минутты құрайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жедел медициналық көмекті құрамы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалған фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадалар көрсетеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. ЖМК бригадасы ЖМКС ауысымының аға дәрігеріне бағынады.

7. Ауылдық елді мекендерде ЖМК шақыртуларына қызмет көрсету үшін ЖМКС аудандық кіші станциясының диспетчері жақын жердегі медициналық ұйымдардың мамандары мен санитариялық автокөлікті тартады.

8. ЖМКС диспетчері қабылдаған шақыртулар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес 4 (төрт) жеделділік санатына бөлінеді:

1) 1 (бірінші) жеделділік санатындағы шақырту - өміріне тікелей қауіп төндіретін, жедел медициналық көмек көрсетуді қажет ететін пациенттің жай-күйі;

2) 2 (екінші) жеделділік санатындағы шақырту - өміріне медициналық көмек көрсетусіз әлеуетті қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі;

3) 3 (үшінші) жеделділік санатындағы шақырту - денсаулығына медициналық көмек көрсетусіз әлеуettі қауіп төндіретін пациенттің жай-күйі;

4) 4 (төртінші) жеделділік санатындағы шақырту - жіті ауруынан немесе созылмалы ауруының асқынуынан туындаған, ағзалар мен жүйелердің кенеттен болған және айқын көрінетін бұзылуларынсыз пациенттің өмірі мен денсаулығына тікелей және әлеуettі қауіп төндірмейтін пациенттің жай-күйі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. 1, 2, 3-жеделділік санаттарының шақыртулары келіп түскен кезде ЖМКС диспетчері автоматты басқару жүйесі арқылы шақыртуларды ЖМКС фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадаларына береді.

10. 4-жеделділік санатының шақыртулары келіп түскен кезде ЖМКС диспетчері автоматты басқару жүйесі арқылы шақыртуларды медициналық санитариялық алғашқы көмек жанындағы жедел медициналық көмек бөлімшесінің (бұдан әрі – МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесі) фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадаларына береді.

11. Фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадалардың ЖМКС диспетчерінен шақыртууды қабылдаған сәтten бастан, пациенттің тұрган жеріне дейін жету уақыты:

1-жеделділік санаты - он минутқа дейінгі;

2-жеделділік санаты - он бес минутқа дейінгі;

3-жеделділік санаты - отыз минутқа дейінгі;

4-жеделділік санаты - алпыс минутқа дейінгі уақытты құрайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесінің фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадалары тіркелген халыққа және МСАК қызмет көрсету аймағындағы адамдарға тәулік бойы медициналық қызмет көрсетеді.

13. 4-жеделділік санатындағы шақыртуларға МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесі деңгейінде қызмет көрсетіледі. Жиырма мың адамнан кем тіркелген халқы бар МСАК үйымдарында 4-жеделділік санатындағы шақыртуларға қызмет көрсету "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 1-қосымшасының 15-тармағына сәйкес осы қызметті жедел медициналық көмек көрсетуге лицензиясы бар медициналық үйымдарға немесе денсаулық сақтау субъектілеріне аутсорсингке беру арқылы жол беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЖМКС бригадаларының және МСАК жанындағы ЖМК қызметкерлерінің өміріне және денсаулығына қауіп төнген кезде шақыртуға қызмет көрсету, аумақтық ішкі істер органдары өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Аумақтық ішкі істер органдарының өкілдері болмаған жағдайда ЖМК бригадаларының қызметкерлері рация және (немесе) мобильдік байланыс арқылы диспетчерлік қызметті ЖМКС бригадалары және МСАК жанындағы ЖМК бөлімшелері өмірі мен денсаулығына төнген қауіптер туралы хабардар етеді. Шақыртуға одан әрі қызмет көрсету аумақтық ішкі істер органдары өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

15. Тексеріп-қараяу, аспаптық диагностика, мамандардың консультациясы, осы жағдайлардың себептері көрсетілетін алдын ала диагноздарға сәйкес жүргізілген емдік іс-шаралардың аясында немесе одан кейін пациент жағдайы динамикасының нәтижелері бойынша ЖМКС бригадасының немесе МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесінің фельдшері немесе дәрігері мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

пациентті стационарлық көмек көрсететін (бұдан әрі - стационар) медициналық үйимға тасымалдау;

пациентті шақырту орнында қалдыру;

пациентті үйде қалдыру (тұрғылықты жері бойынша).

16. Емдеуге жатқызуды қажет етпейтін пациент шақырту орнында немесе үйде қалдырылған жағдайда ЖМКС бригадасы немесе МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесі оған одан әрі жүгіну үшін (тұрғылықты жері немесе бекітілуі бойынша) МСАК үйиміна медициналық ұсыныстар ұсынады.

17. Пациент ауырған және пациенттің үйіне учаскелік дәрігердің белсенді баруы қажет болған жағдайда, ЖМКС немесе МСАК жанындағы ЖМК бригадасының фельдшері немесе дәрігері МСАК үйиміна ақпаратты (активті) ұсынады және "Денсаулық сақтау үйимдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген (бұдан әрі - № 907 бұйрық) № 110-1/е нысаны бойынша дабыл парагын толтырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. ЖМКС бригадасы немесе МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесі пациентті стационарға тасымалдау туралы шешімді қабылдаған жағдайда ЖМКС диспетчерлік

қызметі стационардың қабылдау бөлімшесін пациенттің келіп жеткендігі туралы хабардар етеді.

19. Пациенттің өміріне қауіп төнген жағдайда (жіті жүрек-тамыр және тыныс алу функцияларының жеткіліксіздігі) оны тасымалдау шұғыл стационарлық медициналық көмек көрсететін жақын жердегі медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесіне жузеге асырылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № ҚР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

20. Пациентті стационарға тасымалдау кезінде санитариялық автокөліктे оны алып жүргүре (бір адамнан көп емес) рұқсат етіледі.

21. ЖМКС бригадасының немесе МСАК жанындағы ЖМК фельдшері немесе дәрігері № 907 бүйрүқпен бекітілген № 110/е нысаны бойынша шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек бригадасының шақырту картасында пациентті жеткізу уақытын белгілейді.

22. Стационарға келуіне қарай ЖМКС бригадасының немесе МСАК жанындағы ЖМК фельдшері немесе дәрігері қабылдау бөлімшесінің дәрігеріне № 907 бүйрүқпен бекітілген № 114/е нысаны бойынша жедел медициналық көмек станциясының ілеспе парағын тапсырады.

23. Пациентті бергеннен кейін ЖМКС бригадасының немесе МСАК жанындағы ЖМК фельдшері немесе дәрігері ЖМКС диспетчерін шақыртудың аяқталғаны туралы хабардар етеді.

24. ЖМКС немесе МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесі бригадасының стационардың қабылдау бөлімшесінде болу уақыты жаппай жарақаттанулар, уланулар кезінде жедел медициналық көмек көрсету қажеттілігі жағдайларын қоспағанда, оның стационарға келген сәтінен бастап 10 минуттан аспауы (пациентті қабылдау бөлімшесінің дәрігеріне беруге арналған уақыт) тиіс.

25. Жедел медициналық көмек көрсететін стационардың қабылдау бөлімшесі жұмысын осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ұйымдастырады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

26. ЖМК бригадасы немесе МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесі пациентті стационардың қабылдау бөлімшесіне бергеннен кейін мейіргер бірінші кезекте шұғыл медициналық көмек көрсетілетіндерді алға тарта отырып, келіп түсken пациенттерді топтарға (Триаж жүйесі бойынша медициналық іріктеу) бөледі.

27. Триаж жүйесі бойынша медициналық іріктеу үздіксіз және сабактастықпен жүргізіледі. Бір пациенттің жағдайын бағалау процесі 60 секундтан аспайды. Бағалау

аяқталғаннан кейін пациенттер арнайы түрлі-түсті бирка немесе түрлі-түсті лента түріндегі іріктеу санатының бір түсімен белгіленеді.

28. Медициналық іріктеуге сәйкес шартты түрде пациенттер 3 топқа бөлінеді:
бірінші топ (қызыл аймақ) – өміріне тікелей қауіп төнетін немесе нашарлау қаупі жоғары және шұғыл медициналық көмекті талап ететін пациенттің жай-күйі;
екінші топ (сары аймақ) – өміріне әлеуетті қауіп төнетін немесе жағдайдың дамуымен өршүі мүмкін, шұғыл медициналық көмекті қажет ететін пациенттің жай-күйі;

үшінші топ (жасыл аймақ) - өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп жоқ және емдеуге жатқызуды талап етпейтін пациенттің жай-күйі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № ҚР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Триаж жүйесінің медициналық іріктеу нәтижелері бойынша пациент дәрігердің қарап-тексеруі үшін қабылдау бөлімшесінің тиісті аймағына жіберіледі.

30. Бірінші топтың пациенттері қарқынды терапия палатасына келіп түседі, мұнда реаниматолог жедел медициналық жәрдем мамандары жүргізген реанимациялық көмек көрсетуді жалғастырады. Шұғыл операция жасалған жағдайда реаниматолог жалпы наркозды, өнірлік анестезияны, қабылдау бөлімшесінің операция бөлімінің жағдайында жергілікті анестезия жүргізеді, одан әрі пациенттің оянуы үшін анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелеріне тасымалдайды.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Жағдайы тұрақталғаннан кейін пациент бейінді бөлімшеге емделуге жатқызылады.

32. Инфекциялық ауруларға қаупі бар пациент жай-күйіне мониторинг жүргізу және науқасты одан әрі қадағалау тәсілін анықтау үшін боксқа орналастырылады. Пациенттер жаппай келіп түскен жағдайда инфекциялық ауруларға құдігі бар пациенттерді дұрыс бөлу үшін (жіті респираторлық вирустық инфекция және ішек аурулары) қарап-тексеру кабинеттерінің бірі инфекциялық бокске қайта бейінделеді.

33. Пациентті стационарға емдеуге жатқызған кезде мейіргер № 907 бұйрықпен бекітілген 003/е нысаны бойынша стационарлық науқастың медициналық картасын толтырады және пациентті бейінді бөлімшеге алып жүреді.

34. Стационарға емделуге жатқызуға көрсетілімдер болмаған жағдайда қабылдау бөлімшесінің дәрігері пациентке қарап-тексеру, консультация беру және диагностикалық зерттеулер нәтижелерін көрсетумен қабылдау бөлімшесінде болуы туралы қорытындыны және одан әрі МСАК жағдайында емделу туралы нұсқаулықтар береді. Бір уақытта мейіргер МСАК үйімінің тіркеу бөліміне ауру жағдайы туралы

хабарлама жібереді және участекелік дәрігерге № 907 бұйрықпен бекітілген № 110-1/е нысан бойынша белгі парағын дайындайды.

35. Жол қаупісіздігін қамтамасыз ету жағдайлары кезінде санитариялық автокөліктің кедергісіз өтіп кетуін қамтамасыз ету үшін санитариялық автокөлік ЖМК бригадасы шыққан кезден бастап шақырту орнына дейін және пациентті стационарға тасымалдау кезінде "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысына сәйкес ең жоғарғы деңгейде арнаулы дыбыстық сигналды (сирена) береді және көк немесе қызыл түсті жарқылдауық маякты іске қосады.

36. Халықтың жүгінуін ескеріп, бір санитариялық автокөлік 10 мың және одан аз халықтың есебінен енгізіледі. Санитариялық автокөлік радиобайланыс және навигациялық жүйемен жабдықталады.

37. МСАК жанындағы ЖМК бөлімшесі бригадаларымен жедел медициналық көмек көрсету бригадасыны пациент орналасқан жерге уақтылы жеткізууді қамтамасыз ететін МСАК-тың медициналық көмек ұйымының мамандандырылмаған жеңіл автокөлігін пайдалануды көздейді.

38. Облыстық ЖМКС құрылымына білікті мамандарды және (немесе) науқасты санитариялық автокөлікпен тасымалдауға байланысты ЖМК және медициналық көмек көрсететін ЖМК станциясы, ЖМК кіші станциялары, ЖМК аудандық бөлімшелері және санитариялық авиация бөлімшелері кіреді. Республикалық маңызы бар қалалар мен астананың ЖМКС құрылымына ЖМК станциясы және ЖМК кіші станциясы кіреді

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың ЖМКС құрамында ішкі істер органдары және өңірдегі төтенше жағдайлар қызметтерімен, ЖМК кіші станцияларымен, МСАК жанындағы ККМК бөлімшелерімен, медициналық ұйымдардың қабылдау бөлімшелерімен жедел байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген және емдеуге жатқызуға дейінгі кезенде медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша халықты ақпараттандыратын Call – орталықтар (колл-орталықтар) құрылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № ҚР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар және астананың ЖМКС шақыруларды қабылдау және өндеге жөніндегі автоматтандырылған басқару жүйелерімен және навигациялық жүйелер арқылы санитариялық автокөлікке мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін жүйелермен, сондай-ақ абоненттермен диалогтарды компьютерлік жазу жүйесімен және қонырау келіп түсетін телефон нөмірін автоматты анықтаушымен жабдықталады. Диалог жазбаларын сақтау кемінде 2 жыл жүзеге асырылады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № ҚР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖМКС осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес медициналық бұйымдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында ЖМКС мамандары мобильді камералармен жарақтандырылады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Төтенше жағдай режимінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ЖМКС:

1) "Төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимі енгізілген кезде медициналық көмек ұсыну қағидаларын, оның түрлері мен көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 маусымдағы № 608 қаулысына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 175 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10983 болып тіркелген) және "Жол-көлік оқиғаларына жедел ден қою және онда зардап шеккен адамдарға уақытылы кешенді көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 919, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 819 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 688 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14387 болып тіркелген) сәйкес ведомствоаралық және сектораралық өзара іс-қимыл шеңберінде әрекет етеді;

2) төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі ЖМК бригадаларын төтенше жағдай аймағына жібереді;

3) төтенше жағдайларды жою кезінде зардап шеккендерге емдеу-эвакуациялау іс-шараларын өткізеді;

4) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай кезінде зардап шеккендер, медициналық көмек көрсете үшін жүгінген немесе жеткізілген оқиғалар мен жағдайлар, сондай-ақ алынған жарақаттан қайтыс болғандар туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органына және Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығына шұғыл ұсынады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № ҚР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

43. Зардап шеккендер саны 3 және одан да көп адам болатын төтенше оқиға кезінде төтенше жағдай орнына бірінші келген ЖМК бригадасы бірінші кезекте медициналық іріктеуді жүзеге асырады.

Медициналық іріктеу (триаж) нәтижелері бойынша ЖМК бригадасы зардап шеккендерді бұдан әрі көрсетілімдері бойынша медициналық ұйымдарға тасымалдаумен, оларға шұғыл медициналық көмек көрсетеді.

Ескерту. 2-тaraу 43-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № ҚР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

44. ЖМКС және МСАК жанындағы ЖМК бөлімшелерінің мамандары: "Базалық реанимация" - Basic Life Support (BLS), "Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы" - Advanced Cardiac Life Support (ACLS), "Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы" - Pediatric Advanced Life Support (PALS), "Жарақаттар кезінде емдеуге дейінгі кезенде медициналық көмек көрсету" - Prehospital Trauma Life Support (PHTLS), "Неонаталдық реанимация" - Neonatal Resuscitation Program (NRP) жедел және кезек күттірмейтін көмек көрсетудің халықаралық танылған стандарттары бойынша оқытудан өтеді. Практикалық дағдыларды пысықтау мақсатында шұғыл медициналық көмек көрсету жөніндегі облыстық және қалалық жедел медициналық көмек станциялардың мамандары облыстық және қалалық ЖМКС базасында симуляциялық кабинеттер ұйымдастырады.

Симуляциялық кабинет оқу-көрнекі құралдармен, пән бойынша практикалық сабактарға арналған құрылғылармен және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес симуляциялық жабдықтардың ең төменгі тізбесімен жаракталады.

Ескерту. 2-тaraу 44-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № ҚР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыйқтарымен.

45. Ауыл халқына жедел медициналық көмек қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін облыстың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының шешімі бойынша жету қын елді мекендерде (жол жабындыларының болмауы, таулы жер), медициналық көмекке қол жеткізуден алыс учаскелерде облыстық ЖМКС қосымша қосалқы станциялары (бөлімшелері) құрылуы мүмкін.

Ескерту. 2-тарау 45-тармақпен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № КР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Медициналық персоналдың жедел жұмысын қамтамасыз ету, санитариялық автокөлік пен медициналық жабдықтарды ұтымды пайдалану мақсатында санитариялық автокөлік мынадай кластарға бөлінеді:

А класы: емдік-іс-шараларды жүргізуге және медицина персоналдарының алып жүруімен алдын ала болжам бойынша шұғыл емес пациенттерді тасымалдауға арналған санитариялық автокөлік;

В класы: дәрігерлік (фельдшерлік) бригадалар күшімен жедел медициналық көмектің емдеу іс-шараларын өткізуге, емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде пациенттерді тасымалдауға және жағдайына мониторинг жүргізуға арналған санитариялық автокөлік ;

С класы: мамандандырылған бригаданың күшімен реанимациялық іс-шараларды және қарқынды терапияны жүргізуге, сондай-ақ пациенттерді санитариялық авиация желісі бойынша тасымалдауға арналған жедел медициналық көмек көлігі (реанимобиль).

Ескерту. 2-тарау 46-тармақпен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № КР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Қажетті кластағы санитариялық автокөлік болмаған жағдайда бригаданың шығуы бар бос санитариялық автокөлік жүзеге асырады. Көшпелі бригада қажетті кластағы санитариялық автокөлік келгенге дейін емдеу іс-шараларын өткізуді жалғастырады немесе пациентті жақын жердегі стационарлық көмек көрсететін медициналық үйымға тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 2-тарау 47-тармақпен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № КР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Санитариялық автокөлікті медициналық емес мақсатта пайдалануға рұқсат берілмейді. ЖМКС бірінші басшысы осы тармақтың сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 2-тарау 48-тармақпен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № КР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Санитариялық авиация бөлімшесі санитариялық автокөлік арқылы өнірлік және өніраалық деңгейде медициналық қызметтер көрсетеді.

Санитариялық авиация бөлімшесінің санитариялық көлігін пайдалану негіздері:

пациенттің (тердің) орналасқан жеріндегі медициналық ұйымда медициналық жабдықтардың және (немесе) тиісті мамандығы және (немесе) біліктілігі бар маманның (дардың) жетіспеушілігінен медициналық көмек көрсету (консультация және (немесе) операция жасау үшін) білікті мамандарды жеткізу болып табылады;

мамандандырылған, жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету үшін аудандық деңгейдегі медициналық ұйымнан қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі медициналық ұйымға пациентті (терді) тасымалдау;

әуе кемесінде жедел өтінімді орындау кезінде пациентті (терді) және санитариялық авиацияның мобиЛЬДІ бригадасын (САМБ) әуежай мен медициналық ұйым арасында санитариялық автокөлікпен тасымалдау;

ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) және тіндерді кейіннен трансплантау үшін тиісті медициналық ұйымға жеткізу.

Ескерту. 2-тaraу 49-тармақпен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № КР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Санитариялық авиация бөлімшесінің диспетчері стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымнан медициналық қызметке өтінімді қабылдайды және санитариялық авиация бөлімшесінің үйлестіруші-дәрігеріне береді.

Ескерту. 2-тaraу 50-тармақпен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № КР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Санитариялық авиация бөлімшесінің үйлестіруші-дәрігері:

келіп түсken өтінімді, пациенттің медициналық құжаттамасын зерделейді;

медициналық қызметтің көлемін анықтайды;

пациенттің (тердің) патология бейініне сәйкес САМБ құрамын қалыптастырады;

кейіннен трансплантау үшін білікті мамандарды (САМБ), пациентті (терді), ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) және тіндерді, биоматериалдарды санитариялық автокөлікпен тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастырады."

Ескерту. 2-тaraу 51-тармақпен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 22.08.2019 № КР ДСМ-113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. ЖМКС және МСАК жанындағы ЖМК бөлімшелерінің мамандарын оқыту тиісті стандарттар бойынша ресми оқу материалдарын пайдалана отырып, халықаралық деңгейдегі сертификаты бар нұсқаушыларды және (немесе) жаттықтырушыларды тарта

отырып жүргізіледі. Оқудан өткен мамандар осы стандарттарды өзірлейтін халықаралық ұйым базасында тіркеу нөмірін бере отырып, халықаралық танылған сертификаттарды алады.

Ескерту. 52-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Көшпелі бригадалардың жүргізушилері және кіші медицина персоналдары халықаралық стандарттарға сәйкес әрбір екі жыл сайын тиісті сертификат ала отырып базалық реанимация және алғашқы көмек көрсету - Basic Life Support (BLS) дағдыларына оқытудан өтеді. Көшпелі бригадалардың жүргізушилері қосымша қауіпсіз жүргізу бойынша оқытудан өтеді.

Ескерту. 53-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ЖМК көрсететін медициналық ұйымдардың санитариялық автокөліктерінде "103", "Скорая медицинская помощь", "Медициналық жедел жәрдем", "Medisinalyq jedel járdem" және "Ambulance" жазулары бар.

Ескерту. 54-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Түсті-графикалық схемалар, тану белгілері, жазулар, арнайы жарық және дыбыс дабылдары мемлекеттік заңды тұлғаларға жататын және (немесе) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтер көрсететін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау субъектілерінің ЖМК санитариялық автокөлігіне салынады.

Ескерту. 55-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Қалалық автокөлік қозғалысы анағұрлым көбейген уақытта жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша ЖМК қосымша бригадаларының кезекшілігі ұйымдастырылады. Қоғамдық іс-шараларды өткізу және өзге де жағдайлар кезінде халыққа қызмет көрсету үшін кезекшілік шарт негізде жүзеге асырылады.

Ескерту. 56-тармақпен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. ЖМК бригадасы дәрілік заттарға рецепт жазбай, уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы парақтарды бермей, қайтыс болу фактісін куәландыруды жүргізбей және қайтыс болу туралы қорытынды бермей шақыруға қызмет көрсетеді.

Ескерту. 57-тармақпен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № КР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тaraумен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № КР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану қызметті берушінің басшысының атына, Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының www.emctrk.kz интернет-ресурсына немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі -Министрлік) www.dsm.gov.kz интернет-ресурсына, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер Үйі, № 5 кіреберіс мекенжайына шағым жасау жолымен жасалады.

Шағымның қабылданғанын растау оны қызметті берушінің, Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының немесе Министрліктің қеңесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін қызметті берушінің, Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Қызмет берушінің мекенжайына келіп түсken қызмет алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды тіркеу күні оны қарау мерзіміне кірмейді. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі не қызметті берушінің қеңесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түсken қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

59. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Қазақстан Республикасында
жедел медициналық көмек
көрсету қагидаларына
1-қосымша

"Жедел медициналық көмек шақырту" мемлекеттік қызмет стандарты

Ескеरту. 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № ҚР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Қызмет берушінің атауы	Денсаулық сақтау субъектілері.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Денсаулық сақтау субъектілері.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	<p>Диспетчер шақыртуды алған сәттен бастап оны өндөу уақыты бес минутты құрайды, оның ішінде шақыртудың жеделділік санаты бойынша іріктеу жүргізділеді.</p> <p>Жедел медициналық көмекті шақыртудың жеделділік санатының тізбесіне сәйкес диспетчерден шақыртуды алған сәттен бастап пациенттің тұрган жеріне дейін бригаданың келу уақыты (10 минуттан 60 минутқа дейін).</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жедел медициналық көмек көрсету.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	Тәулік бойы
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер</p> <p>1) пациенттің тегі, аты, экесінің аты (бар болса), жасы және жыныс;</p> <p>2) пациенттің жай-күйі бойынша деректер және жазатайым оқиғаның, жарақаттанудың немесе аурудың мән-жағалауы;</p> <p>3) мекенжайы мен телефоны, сондай-ақ пациенттің орналасқан жеріне жол жүру жөніндегі болжамды деректер.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	Көзделмеген.
10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Денсаулық жай-күйінің бұзылуы жағдайында азаматтардың барлық шақыртулары "103" нөмірі бойынша қабылданады.

Қазақстан Республикасында
жедел медициналық көмек
көрсету қагидаларына
2-қосымша

Шақыртуларды қабылдау, өндеу және беру жөніндегі алгоритм

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды – КР Денсаулық сақтау министрінің 21.05.2020 № КР ДСМ-54/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "103" пультіне шақырту түседі.
2. Тұтқаны диспетчер көтереді, ол:
 - 1) қысқаша сәлемдеседі (өзінің қызметтік нөмірін, болмаған жағдайда - өзінің тегін айтады);
 - 2) шақыртудың нақты мекенжайын және байланыс телефонын айқындайды;
 - 3) көшедегі пациентке шақырылған жағдайда жалпыға белгілі бағдарларды (көшелер қызылсы, әкімшілік ғимараттар) нақтылайды;
 - 4) байланыс телефонымен (қала, ұялы) жедел көмекті шақырушуның деректерін нақтылайды;
 - 5) шақырушуға сауал қояды: пациенттің жай-күйі және ауру жағдайлары немесе жазатайым оқиға жағдайлары туралы қысқаша деректер;
 - 6) егер шақырушуға пациенттің немесе зардал шегушінің төлкүжат деректері белгісіз болса, оның жынысын, шамамен жасын көрсетеді;
 - 7) шақырту себебін айқындайды;
 - 8) шақыртуды жазып, шақырушуға шақыртуды қабылдау уақытын және екінші рет өзінің қызмет нөмірін, Т.А.Ә (болған кезде) хабарлайды.
3. Диспетчер шақыртуды қабылдағаннан кейін шақырушуға мынадай нұсқаулар береді:
 - 1) ЖМК бригадасына пациентке немесе зардал шегушіге кедергісіз жол жүру және қолжетімділікті қамтамасыз ету;
 - 2) ЖМК шақырылған бригадасын пәтерге (жеке секторға) кірер жерде немесе кіреберісте қарсы алуды ұйымдастыру;
 - 3) медициналық көмек көрсету және стационарға тасымалдау үшін қажетті жағдайлар жасау.
4. Шақыртуды қабылдағаннан кейін диспетчер қойылған сұрақтарға толық жауап алып, мекенжайды қайталайды және шақырушуға: "Сіздің шақыруыңыз қабылданды, күтіңіз", - деп жауап береді.
5. Жиналған ақпаратты диспетчер шақыртуларды АБЖ тіркейді, ол автоматты түрде уақыт хронометражын (шақыруларды қабылдау, беру және шақыртуға ЖМК бригадасының шығу уақыты), диспетчердің Т.А.Ә (болған кезде) жазып, шақыртудың реттік нөмірін белгілейді.
6. Диспетчер жедел жағдайды ескере отырып, жақын маңдағы бос ЖМК бригадасына дереу шақырту жібереді.

7. ЖМК-ның бос бригадалары болмаған кезде келіп түскен шақырту құтуге кейінге қалдырылады, содан кейін босаған ЖМК бригадасына беріледі.

8. 1 - 2-жеделділік санаттағы шақыртулар келіп түскен және ЖМК бос бригадасы болмаған кезде жеделділік санаты бойынша төмен шақырту жеделділік санаты бойынша жоғары шақыртуға қызмет көрсету үшін алынады (қуту режиміне ауысады).

9. Шақыртуды кешіктірген жағдайда және шақырушуның қайталап шақыртулары кезінде пациентті құтілетін кешігу немесе ЖМК/МСАК жанындағы ЖМК бригадасының шығуын құту туралы хабарлауға, ЖМК бригадасы келгенге дейін нұсқаулықтарды беруге міндettі.

